Қазақстан Республикасының атынан
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 05 маусым №3115-24-00-2/888 Тараз қаласы

Жамбыл облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья Р.К.Ясарова,
сот отырысының хатшысы Н.Байболатованың қатысуымен ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Талас ауданы Қаратау қалалық әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«Алинұр Progect» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
прокурор Б.Берикбаев
талап қоюшының өкілі М.Әзімханұлы
жауапкердің өкілі Е.Өмірзақов

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

«Талас ауданы Қаратау қалалық әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесімен (бұдан әрі- Мекеме, талап қоюшы) «Алинұр Progect» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (бұдан әрі- жауапкер, «Алинұр Progect» ЖШС) арасында 2024 жылғы 21 ақпанда «Қаратау қаласында спорттық және балалар ойын алаңдарын орнату бойынша» жұмыстарға (бұдан әрі-жұмыс) жалпы сомасы 14 896000 теңгені құрайтын мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасалған (бұдан әрі - Шарт).

Шарттың 1 қосымшасына сай жұмысты орындау мерзімі шартқа қол қойылғаннан 30 күнтізбелік күн ішінде деп көрсетілген, яғни 2024 жылғы 23 наурызға дейін. Шарт қазынашылық органында 2024 жылғы 21 ақпанда тіркелген.

Алайда, көрсетілген мерзімде жұмыс орындалмаған.

Талап қоюшы сотқа талап қою келтіріп, онда жауапкер шарт бойынша міндеттемесін тиісінше орындамағанын көрсетіп, оны мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануды және тұрақсыздық айыппұл өндіруді сұраған.

Жауапкерден талап қоюға пікір түскен жоқ.

Талап қоюшының өкілі талап қоюды қолдап, оны қанағаттандыруды сұрады.

Жауапкердің өкілі талап қоюмен келіспей, оны қанағаттадырусыз қалдыруды сұрады.

Прокурор талап қою қанағаттандыруға жатады деп қорытынды берді.

Талап қоюшының тұрақсыздық айыппұл өндіру туралы талап қоюы Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі-АПК) 279 бабының 1) тармақшасына сәйкес сотқа дейін реттеу тәртібі сақталмағандықтан қараусыз қалдырылды.

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (бұдан әрі-АК) 272 бабына сай, міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал мұндай шарттар мен талаптар болмаған жағдайда - іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтарға немесе әдетте қойылатын өзге де талаптарға сәйкес орындалуға тиіс.

ҚР «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 12 бабының 4 тармағының 3 тармақшасына сай (бұдан әрі-Заң), мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі ол, мемлекеттік сатып алу туралы өздерімен жасасқан шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Заңның 38 бабының 4 тармағына сай әлеуетті өнім берушінің баға ұсынысын беруі оның мемлекеттік сатып алу туралы шарт жобасында көзделген талаптарды сақтай отырып, тауарды беруді, жұмыстарды орындауды, қызметтер көрсетуді жүзеге асыруға келісім білдіру нысаны болып табылады.

Шарттың 3.1 тармағына сай өнім беруші шарт бойынша өзіне алған міндеттемелердің толық және тиесілі орындалуын қамтамасыз етуге міндеттенеді.

Яғни, жоғарыда көрсетілген заңның талаптарына сай жауапкер өзіне жүктелген міндеттемелерді орындамаған, бұндай жағдайда ол мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылуы мүмкін.

Шарттың 11.1 тармағына сай, егер шарт талаптарының орындалмауы форс-мажорлық жағдаяттардың нәтижесі болып табылса, тараптар оның толық немесе ішінара орындалмауы үшін жауапкершілік көтермейді.

Құжатқа қол қойылған: Ясарова Р. К., 12.06.2024

Заңды күшіне енген күні: 16.07.2024, судья Калымханов Е. А., 17.07.2024

3115-24-3-1/915

Алайда, іс құжаттарында мұндай жағдайлар көрінбейді. Жауапкер сотқа шарт талаптарының маңызды себептермен орындалмағанын дәлелдейтін құжаттар ұсынған жоқ.

АПК-нің 72 бабының 1 бөлігіне сай әр тарап өзінің талаптарының және қарсылықтарының негізі ретінде сілтеме жасайтын мән-жайларды дәлелдеуге тиіс.

Жоғарыда көрсетілгендер негізінде талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талабы қанағаттандыруға жатады.

АПК-нің 117 бабына сай жауапкерден 1846 теңге мемлекеттік баж салығы өндірілуге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып, сот,

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Талас ауданы Қаратау қалалық әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Алинұр Progect» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюы қанағаттандырылсын.

«Алинұр Progect» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

«Алинұр Progect» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет пайдасына 1846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекеттік баж салығы өндірілсін.

Шешімге АПК-нің 403 және 404-баптарының талаптарына сәйкес келетін апелляциялық шағым немесе прокурордың өтінішхаты шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап бір ай ішінде, ал сот талқылауына қатыспаған адамдар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Жамбыл облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі апелляциялық сот алқасына Жамбыл облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы берілуі мүмкін.

Шешім түпкілікті нысанда 2024 жылғы 12 маусымда әзірленді.

Судья Р.К.Ясарова

Құжатқа қол қойылған: Ясарова Р. К., 12.06.2024

Заңды күшіне енген күні: 16.07.2024, судья Калымханов Е. А., 17.07.2024

Құжатқа қол қойылған: Ясарова Р. К., 12.06.2024

Заңды күшіне енген күні: 16.07.2024, судья Калымханов Е. А., 17.07.2024

«ТӨРЕЛІК» АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІ
Сот өндірісі
Судопроизводство
ИНФОРМАЦИОННАЯ СИСТЕМА «ТӨРЕЛІК»

3115-24-3-1/915